

# АЛАТАУ

## Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№11 (123) 6 наурыз 2026 жыл

**8-НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ**

**АНАЛАР – АСЫЛ ТАЛДЫҒАР!**

Құрметті аналар мен аяулы арулар! Сіздерді көктемнің жарқын мерекесі - Халықаралық әйелдер күні 8 наурызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ана-өмірдің шуағы, отбасының құты, ұлттың рухани тірегі. Сіздердің мейірімізге толы жүректіңіз, парасат-пайымдарыңыз бен сабырлы даналықтарыңыз қоғамның берекесін арттырып, жас ұрпақтың саналы болып қалыптасуына негіз болып келеді. Әсіресе, ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңдерде тылда еңбек етіп, шаңырақтың шырағын сөндірмей, ұрпаққа өнеге болған адақты аналардың орны бөлек. Ардагер аналарымыздың, аяулы аруларымыздың ел дамуына қосқан еңбегі орасан зор. Олардың өнегелі өмір жолы қашан да үлгі-өнеге!

Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін. Әр шаңырақта қуаныштың шуағы төгіліп, аналық мейірім мен жылылық ешқашан ортаймасын. Өмірлеріңіз базарлы болып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, абырой биігінен көріне беріңіздер!

Көктем көңілдеріңізге қуаныш, жүректіңізге үміт пен шабыт сыйласын!

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

### Құрметті Оқырман!

Егер сіз «Алатау ардагері» газетін уақытында алмасаңыз, міндетті түрде мекен-жайыңызды айтып газет редакциясына хабарласыңыз. Қолыңызда газетке жазылғаныңызды растайтын түбегрек міндетті түрде болуы керек.

Байланыс телефон:  
**8-772519310**

## 15 НАУРЫЗ МАРТА

Важный голос каждого из нас!

### РЕФЕРЕНДУМ

Қазір елімізде қоғамдық және саяси маңызы зор Қазақстан Республикасы Конституциясының Жаңа жобасын халық арасында кеңінен талқылау, сараптау, өзара ой бөлісу мәселесі қызу қолға алынды. Жаңа Конституция жаңа кезең бастауы екені халқымызға сергек серпін тұғызып, кемелді келешекке деген жаңаша көзқарастың ұстанымын көрсетіп отыр.

Аудандық ардагерлер және аудандық «Асыл ана» ұйымдары төрағалары мен төрайымдары бас қосқан бұл жиын «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» атты жалпыұлттық коалиция құру жөніндегі республикалық үндеуге деген қолдаудың жарқын көрінісі болды.

Осы тұрғыдан алғанда, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов Қазақстан Республикасы Конституциясының Жаңа жобасының XI бөлімнен тұратын 96-баптарын тиянақты түрде сарапта салып, жан-жақты түсініктеме берді. Ол осы бағыт-бағдарда алдымыздағы 15 наурызда өтетін Референдум бүкіл халықтың үні болып табылатынын егжей-тегжейлі айтып берді.

Сағат Ұлтарақұлы «Жаңа Конституция-адамның құқықтары мен бостандықтарын, азаматтардың болашағын қамтитын маңызды құжат. Оның ең басты рөлі – қоғамдық келісімді нығайту және елдің тұрақты дамуына негіз жасау. Жаңа

заң жобасы негізінде Қазақстан халқы кеңесі құрылады. Ол Ұлттық құрылтай мен Ассамблея жұмыс істейтін аландарды біріктіріп, қоғамдық мүдделерді бір ортақ платформада дамытуға мүмкіндік береді. Бұл – ел бірлігін, тыныштығын әрі болашаққа деген сенімін арттыратын маңызды қадам. Байқағанымыздай, азаматтар жаңа жобаны қолдайды. Өйткені, жаңа Конституция арқылы балаларымызға қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құқықтық негіз жасап отырғанын негіз етіп алуға болады», - деп жобаның бір бабынан ғана мысал келтірді.

Ол басқа баптардан да халықтың аса қажеті үшін жасалып отырған қанатты қамқорлықтарды тіліне тиек етіп, жаңа Конституция құндылықтарын айырықша түрде көптің алдына көлденең тартты.

Жаңа Конституция жобасын талқылау барысында Ұмтыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Әйіп Ысқақов, аудандық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Серік Расмұханбетов,

## Ардагерлер айқын пікірін білдіргі

Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Қалиахмет Көшкінбаев, Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Қатубаев, Бекболат ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Бакытжан Әлменбетов, тағы басқа да төрағалар мен төрайымдар сөйлеп, көкейлеріндегі көрікті ойларын ортаға салды.

Олардың басты бағыттары – Әділетті Қазақстан үшін – жаңа Конституция – жаңа кезең бастауы, бұл тарихи құжат халықтың тарихи таңдауы, адам капиталы – Конституция жобасының басты басымдығы, аса маңызды құндылықтардан құпталып, құнтталған құжат, бұл өміріміздің Ата Заңы халық үшін қашан да ардақты екенін осындай нақты дәлелдер бойынша сарапта салып, олар референдумға дейін халық алдында нанымды насихат жұмыстарын жүргізетіндігін шынайы пейілдерімен білдірді. Аудан ардагерлерінің бұл



басқосуы жаңа Конституцияға деген көзқарастың айқын да ашық көрінісі болғандығы бәрінен де қолдау тапты. Олар алдағы Референдумға белсене атсалысатындарына бекем екендіктерін айтты.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ,**  
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.  
Қарасай ауданы.



### Кездесу өтті

Бүгін Қонаев қаласындағы №2 гимназия мектебінің ұжымымен маңызды кездесу өтті. Жиында 15 наурыз күні өтетін референдумның жоспары таныстырылып, оның халық үшін қандай өзгерістер әкелетіні жан-жақты түсіндірілді.

Кездесуде спикерлер ретінде Қонаев қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, «Огни Алатау» га-

зетінің бас редакторы Забира Сайдильдина, Қонаев қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Қарлығаш Ахметова сөз сөйлеп, референдумның маңызына тоқталды.

Сонымен қатар Қонаев қаласы ардагерлерінің штабы құрылып, қаладағы барлық сайлау учаскелерін бақылауға алу жөнінде шешім қабылданды. Бұл – әрбір ардагердің азаматтық борышы деп білеміз.

15 наурыз күні баршаңызды белсенді қатысып, өз таңдауыңызды жасауға шақырамыз. Ел болашағы – өз қолымызда!

Өз тілшімізден.

### АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

Елімізде комиссия мүшелерінің конституциялық реформа бойынша ұсынып жатқан жаңашылдықтары мен бастамаларына негізделген жаңа Конституцияның жобасы бүгінгі күннің басты талаптарымен үндесіп жатыр.

## Жаңа Конституцияның жобасы ұсынылды

Олай дейтініміз, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның отырыстарында төмендегі мәселелер қамтылды. Сол негізгі ұсыныстарды әңгіме өзегіне айналдырсам, олар: Жаңа бір палаталы Парламент «Құрылтай» деп аталады. Депутаттар толығымен пропорционалды жүйе арқылы сайланып, құрамында 145 депутат болады. «Президенттік квота» алынып, әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға партиялық квота сақталады. Сондай-ақ Конституциялық сот, Жоғары аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы және Жоғары сот судьялары Құрылтайдың келісімімен тағайындалмақ. Және білім берудің зайырлы сипатын Конституция деңгейінде бекіту ұсынылды. Жаңа Конституция қазақ тілінде түсінікті, нақты құжатқа айналатынын естіп қуанып жатырмыз. Сонымен қатар еліміздің жастары тегін жоғары білім алуға құқылы болатыны жаңа Конституцияда айқын көрініс табады. Ал комиссия отырысында Ата заңның Преамбуласына шекараның мызғымастығы мен біртұтас ұлт ұғымын енгізу ұсынылғанын және «Ұлы Дала» ұғымы жаңа Конституцияның Преамбуласында пайда болуы мүмкін екені және Халық Кеңесі, «Миранда ережесі, адами капитал мен адам құқықтарына басымдық, Вице-президент институтын құру, адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап, зияткерлік меншік құқығын қорғау сынды бастамалар отырыстарда көтеріліп, жаңа Конституцияның жобасы назарға ұсынылды.

**Күмісбек ЕРБАЕВ,**  
қоғамдық пікір expertі.

## Кеңінен талқыланды

Ақпан айының соңғы күндері мен наурыздың басында Кеген ауданында бірнеше шаралар өтті.

Оның алғашқысы-14 ақпанда Кеген аудандық әкімдігі кәсіпкерлер бөлімінің ұйымдастыруымен жаңа Конституцияның жобасымен таныстыру жайлы арнайы дөңгелек столдың өтуі.



Жиынға кәсіпкерлер бөлімінің басшысы, БАҚ өкілдері қатысты. Дөңгелек столды кәсіпкерлер бөлімінің басшысы Айбек Оспанов ашты. Алғашқы сөзді алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Шыңғыс Тұрсынов 11 ақпан күні барлық баспасөзде жарық көрген Конституцияның жобасын мақұлдауға арнайы Президент Жарлығы жарияланғанына тоқталып, айта келіп, жаңа Конституцияның жобасы туралы айтып берді. Бұдан кейін кәсіпкер Ш.Жанба-

баева сөз сөйлеп, жаңа Конституцияның жобасын қолдайтынын білдірді. Осы ұсынысқа барлығы қосылды.

Одан кейін, 16 ақпан күні өнер қайраткері, Кеген ауданының құрметті азаматы Жақсылық Әбдірамановтың 80 жылдығы аталып өтті. Салтанатты жиынға аудандағы ардагерлер, әжелер мен аналар қатысты.

Жақсылық ағамыздың 80 жылдығы Жаңа Конституция жобасын талқылау мен 15 наурызда өтетін Референдумға сәйкес келіп отыр. Осы шара барысында елімізде болып жатқан негізгі жаңалық Жаңа Конституцияның жобасы. Сіздер 15 наурыз Референдумға келіп, өз ұсыныстарыңызды береді деген сенімдемін, - деді аудан әкімі Н.Тенізбаев.

Бұдан кейін ардагер Бейсебай Әлімжанов, Босатқан Ұлдарбеков, Тұрсынгул Мұханова, аудандық арда-

герлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов сөз сөйлеп, Жылысай ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Болат Таубалдиев бата берді.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев 27 ақпанда Саты ауылдық округінде өткен аудан әкімінің есебіне қатысты. Аудандағы елді мекендерді аралаған өңір басшысы жиналғандарға жаңа Конституция жобасы жайлы айтып, жиынға қатысушы азаматтардың сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

Сол күні облыс басшысы Қарабұлақ ауылындағы фельдшерлік пункттің ашылу салтанатына қатысты. Ол жерде де ел өміріндегі қоғамдық саяси шара төңірегінде әңгіме болды.

Жылысай ауылдық округіне ат басын бұрған облыс әкімі ауылдағы әлеуметтік мәселелер мен жаңа құрылыс нысандарымен танысты. Ауылдық дәрігерлік-амбулаторияның ашылу салтанатында лентасын киіп, сөз сөйледі. Жаңа Конституция жобасы жайлы айтып, халық пікірін тыңдады.

1 наурызда алғыс айту күніне орай аудандық мәдениет үйінде тағы бір шара өтті. Шараға аудан әкімі Нұрбақыт Тенізбаев алғыс айту күні барлық қазақстандықтар үшін мерекеге айналып келе жатқанын және осы мерекенің жаңа Конституцияның жобасын талқылаумен тұспа тұс келгенін айтып, осы мәселе төңірегінде алда тұрған міндеттерге тоқталды.

Өз тілшімізден.

## 8-МАРТА МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ

Долго думала, как мне рассказать о наших уважаемых женщинах, отдавших в советское время свои лучшие молодые годы родному совхозу «Рассвет». Они и по сей день приносят пользу родному селу, не остаются в стороне от общественной и культурной жизни нашего некогда маленького отделения хозяйства, ныне выросшего в приличный населённый пункт — до полутора сотен дворов.

# СПАСИБО ВАМ, ЖЕНЩИНЫ ЖАНА-АРНЫ!



По моим подсчётам, самых активных представительниц прекрасного пола, уважаемых ветеранов, на сегодня меньше десятка. С них, как говорится, можно брать пример - они это заслужили. Но если подробно и одновременно рассказать о каждой из них, то, боюсь, не хватит и целого разворота большой, как «Алатау ардагеры», газеты. Будет ли такая техническая возможность у редакции? Сомнительно.

Поэтому решила так: максимально кратко написать о жизненном пути моих героинь с фотоиллюстрацией. Для удобства чтения и насыщенности фактами в каждой публикации рассказывать об одной-двух, но не более, женщинах (помним о газетных рамках). И это будет своего рода цикл компактных повествований о наших людях под общей рубрикой «Спасибо вам, женщины села Жана-Арна!». Прочсть их можно будет в течение пары-тройки месяцев.

Растянуто по времени? Возможно. Но в силу специфики выпуска издания по-другому не получается. С другой стороны, каждый будет с нетерпением ждать публикацию о себе! Доброе слово, как известно, окрыляет. «Жаксы сөз - жарым ырыс». Доброе слово - половина счастья, гласит казахская поговорка.

Итак, наша первая героиня. Не судите строго.

Гуши Сейфатовна Жумаева, старожил села Жана-Арна, разменяла уже девятый десяток лет! Ей было три года, когда её родителей и всех тюрк-месхетинцев по приказу председателя Государственного комитета обороны СССР Иосифа Сталина принудительно выселили из исконных мест проживания - грузинской Месхетии. Это был 1944 год, и целью этой операции была

«очистка» приграничных с Турцией районов Грузии от этнических тюрк - более 100 тысяч человек.

Так депортированные с Кавказа люди в товарных вагонах, преодолев тысячи километров, оказались в далёком и неизвестном им Казахстане и Средней Азии. По открытым данным, от голода, холода и болезней в пути и в первые месяцы ссылки погибло около 30 тысяч человек.

Семья Гуши попала в село Жетыген (бывшее в то время Николаевкой), ныне город Алатау. Моя собеседница со слезами на глазах вспоминает семью казахов, принявших их. Они сами были небогаты, но выделили измученным долгой дорогой, исхудавшим переселенцам лучшую комнату и делились куском хлеба. А когда хозяйка построила себе новый дом, то старое жильё великодушно оставили семье из Грузии.

Гуши апай долгие годы работала в поле свекловичницей, перевыполняла ежедневные задания, вырастила и воспитала троих детей. Все они работают в сельском хозяйстве, в полеводстве. У неё пять внуков и двенадцать правнуков. Она счастлива, что в её родном Казахстане, где она оказалась по воле судьбы, мирное небо и есть уважение ко всем народам. Именно дружбу и мир, считает Гуши апай, нужно ценить и беречь новому поколению, а также трудиться на благо страны.

Пользуясь случаем, поздравляю всех женщин Жана - Арны с прекрасным праздником - 8 марта! Пусть всегда в вашей душе будет весна!

**Галина Игибаева,  
микрорайон Жана-Арна  
город Алатау**

(Продолжение в следующих номерах  
газеты «Алатау ардагеры»)

## ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА

# Саяси жаңғырудың жаңа кезеңі

Ұлттық Құрылтай отырысында ел дамуының маңызды бағыттарының бірі парламенттік реформа мәселесі кеңінен талқыланды. Бұл бастама Қазақстандағы саяси жүйені жаңғыртуға, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейтуге және халық өкілдігінің рөлін арттыруға бағытталған.

Сонғы жылдары қоғамда Парламенттің ықпалы мен жауапкершілігін күшейту қажеттігі жиі айтылып келеді. Құрылтайда көтерілген бұл мәселе халықтың осы сұранысына берілген нақты жауап деуге болады. Реформа аясында заң шығару процесінің ашықтығын арттыру, депутаттардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту, сондай ақ Парламенттің атқарушы билікке бақылау тетіктерін жетілдіру ұсынылды.

Құрылтай қатысушылары Парламент тек заң қабылдайтын орган ғана емес, сонымен бірге қоғамдық пікірдің, өңірлік мүдделердің және азаматтардың талап-тілектерінің негізгі мінбері болуы тиіс екенін атап өтті. Осы орайда Парламент пен Сенаттың өкілеттіктерін нақтылау, заң жобаларын талқылауға азаматтық қоғам өкілдерін кеңінен тарту қажеттілігі айтылды.

Парламенттік реформаның тағы бір маңызды қыры-саяси партиялардың рөлін арттыру. Құрылтайда партиялар арасындағы бәсекелестікті күшейту, оппозициялық пікірдің Парламент қабырғасында еркін айтылуына жағдай жасау демократиялық дамудың негізгі шарты екені баса айтылды. Бұл өз кезегінде заңдардың сапасын арттырып, қоғамдағы сенімді нығайтады.

Сарапшылардың пікірінше Құрылтайда қозғалған парламенттік реформа еліміздің «естітін мемлекет» қағидатын жүзеге асырудағы маңызды қадам болмақ. Өйткені күшті Парламент-халық пен билік арасындағы тиімді көпір.

Құрылтай барысында Парламенттің тиімділігін арттыру мәселесі ерекше назарға алынды. Осы орайда Сенаттың өкілеттігін қысқартып,

бір ғана парламенттік жүйеге көшу жөніндегі пікірлер айтылды. Мұндай бастама заң шығару процесін жеделдетуге, мемлекеттік басқарудағы артық буындарды қысқартуға және халықпен тікелей байланысты күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі екі палаталы жүйеде заң жобаларын қарау бірнеше кезеңнен өтеді. Бұл кей жағдайда шешім қабылдау үдерісін баяулататыны белгілі. Ал бір палаталы парламент жағдайында заңдар жедел әрі ашық қабылданып, депутаттардың жауапкершілігі айындала түсер еді. Сонымен қатар бұл бюджет қаражатын үнемдеуге де оң әсерін тигізуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, Ұлттық Құрылтайда көтерілген парламенттік реформа мәселесі Қазақстанның саяси жаңғыру жолындағы стратегиялық бағытын айқындайды. Бұл бастаманың табысты жүзеге асуы елдегі демократиялық институттардың нығаюына және қоғамның мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуына жол ашады.

**СИҚЫМБЕКТИҢ  
АЛТЫНБАЙЫ.**

## ЦИФРАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

# Болашаққа бағытталған қадам

Ұлттық Құрылтай отырысында еліміздің ұзақ мерзімді дамуына тікелей әсер ететін маңызды бағыттардың бірі цифрландыру үдерісін тереңдету және жасанды интеллект (ЖИ) әлеміне бейімделу мәселесі кеңінен сөз болды.

Бұл тақырып қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында Қазақстанның бәсекеге қабылеттілігін арттыру тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Құрылтай барысында цифрлық технологиялар тек экономиканы дамыту құралы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың, ашықтық пен тиімділікті арттырудың негізгі тетігі екені атап өтілді.

Электронды үкімет, деректерді басқару, автоматтандырылған қызмет көрсету жүйелері-халық пен мемлекет арасындағы байланысты жеңілдететін маңызды құралдар.

Сонымен қатар Құрылтайда жасанды интеллектті дамыту және оны қоғам өмірінің түрлі салаларына енгізу мәселесіне ерекше назар аударылды. Білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс, ауыл шаруашылығы және мемлекеттік қызмет салаларында жасанды интеллект технологияларын пайдалану еңбек өнімділігін арттырып, шешім қабылдау сапасын жақсартуға мүмкіндік беретіні айтылды.

Қатысушылардың пікірінше, жасанды интеллектке бейімделу тек технологиялық емес, кадрлық және мәдени өзгерістерді де талап етеді. Осыған байланысты цифрлық сауаттылықты арттыру, жастарды IT саласына бағыттау, бағдарламалау мен деректерді талдау дағдыларын дамыту стратегиялық міндеттердің бірі ретінде белгіленді.

Құрылтайда сондай ақ цифрландыру үдерісінде ұлттық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Жасанды интеллект пен цифрлық платформаларды енгізу кезінде этикалық нормаларды сақтау, ақпараттық қауіпсіздікті күшейту қажеттігі баса айтылды.

Сарапшылардың айтуынша, Құрылтайда көтерілген цифрландыру мен жасанды интеллект мәселелері Қазақстанның жаңа технологиялық дәуірге қадам басуға дайын екенін көрсетеді. Бұл бастамалар экономиканың сапалы өсуіне, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға жол ашады.

Қорытындылай келе, Ұлттық Құрылтайда айтылған цифрландыру мен жасанды интеллектке бейімделу жөніндегі ойлар-елдің болашағына бағытталған стратегиялық көзқарастың айқын көрінісі. Уақыт талабына сай әрекет ету арқылы Қазақстан жаһандық цифрлық кеңістікте өз орнын нығайта алады.

Кешегіден келешекке қол созған еліміздің алдында бүгіндері осындай міндеттер тұр. Осының бәрі жүзеге асатын болса еліміз өз даму жолының жаңа белесіне көтеріледі деген сөз.

**Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.**

## ДОЛГОЖИТЕЛИ

# «ВАЖНО ЧЕМ-ТО СЕБЯ ЗАНЯТЬ»

## говорит 94-летняя жительница города Талгар

Алла Константиновна Евсеенко (в девичестве Морозова) родилась в 1932 году в Донецкой области Украины. После окончания медицинского техникума в Талгаре была направлена медсестрой на работу в Маловодненскую больницу Алматинской области.

Её муж, Василий Савельевич, ныне покойный, 1921 года рождения, родом из Северного Казахстана. С ним она прожила 30 лет, и для обоих это был второй брак.

Супруг был призван в ряды Красной Армии в 1941 году из Алматы. Прошёл войну, имел награды. В 1943 году, при форсировании Днепра, он был ранен. По открытым данным, в этой операции, длившейся на всём участке фронта четыре месяца, погибло более 400 тысяч и было ранено более миллиона советских солдат.

Его подразделение, высадившись с потерями под шквальным огнём артиллерии противника на противоположный берег, пыталось закрепиться на плацдарме. Василий был оглушён и контужен близким взрывом, вследствие чего оказался дезориентированным, не мог стрелять и попал в плен. Немцы схватили бойца и по этапу быстро перебросили его в тыл, на Запад. Так он оказался в концлагере



в Польше, где каждый день вместе с такими же узниками находился на волоске от смерти.

Освободили советских военнопленных, как рассказала нам Алла Константиновна, американские войска. После войны Василий Савельевич до самой пенсии проработал бухгалтером в строительных организациях Алматы и Талгара.

Алла Константиновна по профессии, как уже говорилось выше, медсестра. Она проработала в старой больнице Талгара, в медучреждениях Алма-Аты и Борового в общей сложности около 40 лет.

Но нас больше интересовала нынешняя жизнь долгожительницы. Прожить 94 года - это вам не шутки! Какие нужно иметь для

этого способности? Или всё дело в генах?

Как выяснилось, мама и папа Аллы Константиновны тоже прожили немало - 72 и 82 года соответственно. Но дочь уже обогнала их по возрасту.

Никаких секретов у неё нет, говорит: «Важно чем-то себя занимать». Считает, что самое страшное чувство - одиночество, оно гложет.

Дочь Наташа регулярно её навещает, приходит и сотрудник социальной службы.

С утра баба Алла делает лёгкую зарядку, смотрит телевизор, отбой - ровно в 21:00. Питание обычное, без изысков: заранее приготовленные обеды, которые остаётся только достать из холодильника и разогреть. Любит мясо. Чай пьёт с сахаром и вареньем, не боясь повышения глюкозы в крови. К слову, регулярно сдаёт анализы в медлаборатории, посещает стоматолога.

Алла Константиновна рассказала нам также, что много лет с подругами увлеклась танцами, совершая поездки на дискотеки в Алматы. Это придавало бодрость, настроение и являлось своего рода физкультурой. Тогда ей было, представьте себе, 80 лет! Вот такие у нас, оказывается, бабушки!

Года три назад ввук подарил ей скандинавские палки, и она начала использовать их по назначению. Ежедневно проходит по улицам



Талгара около двух часов. По пути навещает дом Куляш Алимовны Оразалиевой - одной из организаторов талгарского хора ветеранов и активисток районного совета ветеранов - и далее они гуляют вместе.

Мы пожелаем нашей долгожительнице здоровья и считаем, что такие примеры нужно брать на вооружение тем, кто только вышел на пенсию.

И завершить этот рассказ хочется стихами: «Любите свой возраст, свой возраст цените - Есть в каждом мгновенье своя красота!..»

**С долгожительницей встречался.  
Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
город Талгар.**

● ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

# Теміржол тарланы Мұратбай НАҒМЕТОВ: "ТЕМІРЖОЛ КАТЕЛІКТІ КЕШПЕЙДІ"

Қай мамандықтың болмасын, өз кәсібінің шебері болу үшін әрбір жан-ның мамандыққа деген жауапкершілігінен бастау алатындығы анық. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязында қолайсыз жағдайлардың бел ортасында жүретін теміржолшылардың жұмысы асқан кәсібилікті талап ететіндігі тағы бар.

- Пойыздың қозғалысы уақытпен есептеледі. Уақыттан ауытқымай, межелі жерге көрсетілген мерзімде жету үшін теміржолшылар күндіз-түні тынбай тынымсыз еңбек етуіне тура келеді. Әскери тәртіптей қалыптасқан салаға кей кездері тынымсыз еңбектің аздық ететіндігін теміржолшылар ғана біледі. Теміржол ешқашан әділетсіздікті, арамдықты, қателікті кешпейді. Уақытпен санаспай еңбек етіп, тәуліктің кез келген мезгілінде жұмыс орнынан табылатын бір мамандық иесі болса, онда мен теміржолшыны атар едім,-дейді теміржол ардагері Мұратбай Жетесбайұлы.

Бұрынғы теміржолшы, қазіргі ардагер-теміржолшы Қонаев қаласының байырғы тұрғыны Мұратбай Жетесбайұлы Нағметовтың 40 жылы осы теміржол бойында өтті. 1983 жылы Қапшағай дистанциялық станциясына монтер болып жұмысқа орналасып, 1987 жылға дейін жұмыс істей жүріп тәжірибе жинақтады. Еңбекқорлығымен, тиянақтылығымен көзге түскен оны уақыт өте учаске басшылығы бригадир етіп тағайындайды. 1987 жылдан 1998 жылдары жол шебері, бригадир қызметін абыроймен жалғастырды.

Әр адамда алуан түрлі қасиет, мінез-құлық пен болмыс болады. Міне, осылардың барлығы ізгілік жолында үйлесім тапса ғана адам баласы бірдің емес, жүздің ықыласы-



на бөлenerі анық. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, басқалардан да соны талап ете білетін Мұратбайды дистанция басшылығы оның ашықтығын, жан жадыратар мінезін және кімнің болса да көңілін таба білетін қабілетін ескеріп, сенім білдірді. Соның нәтижесінде 2000-2024 жылдары учаске бастығының орынбасары, учаске бастығы болып абыройлы қызмет атқарды.

Теміржол саласына саналы ғұмырын арнаған Мұратбай Нағметов 1961 жылы Өзбекстан КСР-і Қарақалпақстан автономиялы республикасының Мойнақ қаласында туған. 1978 жылы мектепті бітірісімен еңбекке араласты. Бастапқы кезде балық колхозында киномеханик болып жұмыс істеді. 1980

жылы қалалық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарып, "Жас қанат" вокальды-аспапты ансамблге жетекшілік етті. Әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келген соң, Қапшағай қаласына қоныс аударғанда, шырайлы шаһардың байырғы тұрғындарының біріне айналғаны үш ұйықтаса да, түсіне кірмеген еді.

- Монтер болып алғаш жұмысқа кіріскен кезде, темір жол бөлімшесі бастығының орынбасары Асқарбай Ишенғалиев, жол шеберлері Жексенбек Дәулетов пен Дүзелбай Есетовтен үйренгенім мен көңіліме тоқығаным мол болды. Олар тәжірибелі тәлімгерлер ғана емес, өз істерінің нағыз шебері, сауатты мамандар болатын,-деді әңгімесінде теміржол маманы болып қалыптасуына ықпал етіп, тәжірибелерімен бөліскен тәлімгерлері жайында ыстық ықыласпен еске алып.

Арада талай жыл өтті. Әскери тәртіптегі жұмыс ырғағы шыңдап қана қоймай, әр сағаттың мол жауапкершілік жүктейтіндігін бойына сіңірді. Әріптестері жол бөлімшесі бастығының орынбасары Қайрат Қапсаламатов, учаске бастығы Олжас Шәукенов, жол шеберлері Санат Қосатаев, Нұртай Шенгербаев, Құрманғали Берлікұлов, Жанат Тұрысқалиев, Ержігіт Баймұрат, Марат Берлікұлов, Ермек Шортанбаев, теміржолшылар Сайлаубек Борантаев, Шаймұхан Абдилдинов, Сұлтанбек Рушанов, Батырбай Абуғазиевтармен бірге көп жылдар қоян-қолтық жұмыс істеп, пойыздардың қауіпсіз жұмыс істеулеріне, жолаушылардың деген жерлеріне аман-сау жетулері үшін қызмет көрсетті.

-Түсінген адамға темір жол тәулік бойы жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарап, тиянақты болуды талап етеді. Осының бәрі айналып келгенде адамға темірдей тәртіпті, еңбекқорлықты, адалдықты ортақ болмысқа

айналдырады. Теміржол қызметінде мен осыны түйсіндім,- дейді Мұратбай Жетесбайұлы.

Ол қызмет бабында қай міндеттерді болмасын мынау ауыр немесе жеңіл деп бөлген емес. Орындалуы керек іс пе, орындау міндет деп түсінді. Басқалардан да соны талап етті. Маңдай тердің арқасында ұжымның құрметіне ие болған Мұратбай Нағметов теміржолда 40 жыл адал еңбек етіп, 2024 жылы Алматы теміржол дистанциясынан зейнетке шықты. Ұзақ жылғы еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі және сіңірген еңбегі үшін «Теміржол саласының үздігі» атанды. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының бірнеше Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мұратбай Жетесбайұлы 2025 жылы Қапшағай желілік темір жолшы ардагерлер ұйымын құрып, оның төрағасы ретінде теміржолшылардың еңбегін жақсарту және тұрмыстық мәселелерінің шешімін табуға көңіл бөлуді басты назарға алып, өмірден жинақтаған бай тәжірибесін қоғамдық жұмыстармен сабақтастыруды мұрат тұтты. Қазір ұйымға 123 ардагер-теміржолшы тіркелген.

- Еңбекқорлық пен берілген тапсырманы бұлжытпай орындап, зейнеткерлікке шыққан теміржолшы ардагерлер қашан да құрметке лайықты. «Қазақстан темір жолы ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шартқа байланысты зейнеткерлерге түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер қарастырылған. Міне, осы жеңілдіктерді Қонаев қаласы аймағындағы теміржолшы ардагерлердің толық пайдалану бағытында Алматы аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Умаровпен қоян-қолтық, ынтымақтастықта жұмысымызды жалғастыра түсудемін,-деді Мүкең алға қойған жоспарларымен бөліскен әңгімесінде.

Мұратбай тарлан теміржолшы ғана емес, сонымен қатар, ұлағатты әке де бола білді. Бұл күнде зайыбы Роза Серекейқызы екеуі-Қуаныш, Жұбанш, Алмат атты ұлдарынан 12 немере сүйіп, солардың қызық-қуанышына бөленіп отырған ата-әже.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

● РИЗАШЫЛЫҚ

## Сіздерге мың алғыс

Шамалған ауылдық округінің мәдениет үйінде ақсақалдар алқасы мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі бастауыш ұйымы төрайымының ұйымдастыруымен 1-наурыз алғыс айту күніне орай «Мың алғыс» атты іс-шара өткізілді.

Шамалған ауылдық округі әкімінің орынбасары Нұргүл Шаяхметова құттықтау сөз сөйледі. - Бүгін күн тағдыр

тоғыстырған барша ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастырған татулық пен бірліктің, сыйластық пен мейірімнің мерекесі,-деді Нұргүл Шаяхметова өз сөзінде. - Қиын-қыстау кезеңдерде бір-біріне сүйеу болып, кең пейіл танытқан халқымыздың дархан көңілі – ұрпаққа өнеге. Бұдн соң түрік халқының өкілі Акипов Фамиша жиналғандарды мерекемен құттықтап, қазақ халқына деген ризашылығын айтып, өзінің алғы-

сын білдірді. «Сіздердің мейірімдеріңіз бен ыстық ықыластарыңызға мың алғыс! Сонау бір қиын-қыстау заманда бізді бөтенсіңбей бауырларыңызға тартып, қолдан келген көмектеріңізді көрсеттіңіздер. Сол үшін сіздерге ризамын»,-деп ол ағынан жарылды.

Бұқар жырау мектебінің оқушылары қарттарымызды Алғыс айту күнімен құттықтап, оларға сыйлықтар тапсырды. Шара соны «Үшқоңыр» фольклорлық ансамблі өнерпаздарының концертіне жалғасты.

Өз тілшіміз.



● БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА

## Ауыл іші көңілгі

Шенгелді ауылдық округінің «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мүшелері қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, жерлестерінің бос уақыттарын мазмұнды ұйымдастыра біледі.

Бірлестік мүшелері сол арқылы әдебиетті, ән-би сияқты мәдени құндылықтарды дәріптейді. Мәселен, ауылдың мәдениет үйінде Қазақтың аса көрнекті ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай «Жырмен тербелген әуен» атты өнер байқауы өтті. Байқау ән және көркемөз жанры бойынша өткізілді. Аталған шараға Қонаев қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев, ақын Ізгілеу Тойшыбаев, Қонаев қаласы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мира Сейтқазиева қазылық етті. Қатысушылар ақын поэзиясын әнмен және көркемөз арқылы көрермен жүрегіне жеткізіп, өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді. Байқауға Шенгелді ауылындағы №6 Қ.Жалайыр атындағы орта мектеп, Ақөзек ауылы №10, Қосқұдық ауылындағы №9 орта мектеп, №86621 және №54179 әскери бөлімдері қатысып, барлығы 8-ге жуық талапкер бақ сынады. Қатысушылар ақын поэзиясын ән және көркемөз арқылы көрермен жүрегіне жеткізіп, өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Шенгелді ауылдық округі «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жақан Өксікбаева мен мәдениет үйінің меңгерушісі Хадиша Мақұлбекованың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің және «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы, тыңдарманның ыстық ықыласына бөленген ән еркесі Сұлшаш Нұрмағамбетованың 75 жылдығына орай «Өнермен елге танылған Сұлшаш» атты танымдық кеш өтті. Қазақтың ұлттық әндерін әлемге танытып жүрген ардақты өнер иесі С. Нұрмағамбетова өз өнерімен тек елімізде ғана емес, басқа да бірқатар шет мемлекеттерде өткен гастрольдік сапарларда өнер көрсетіп, қазақ мәдениетінің абыройын асқақтатқаны баршамызға мәлім.

Кеште «Асыл әжелер» ансамблінің жетекшісі Хадиша Мақұлбекова Сұлшаш Нұрмағамбетованың репертуарынан композитор Марат Оразаевтың әніне жазылған жүрекке жылы «Сарыарқа-сағыншымы» атты керемет туындыны орындады. Орындалған әндер ауыл тұрғындарының көңілінен шықты. Кеш соңында Қонаев қаласы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы М. Сейтқазиева ауыл тұрғындары атынан өнер иесіне зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылық табыс тіледі.

Өз тілшімізден.

● ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ



## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫМАНДЫ

Талғар аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары А.Бидаевтың басшылығымен ақсақалдар, аналар, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен алқалы жиын өтті.

Жиынға арнайы келген Алматы облыстық дін істері басқарма басшысы Ерғали Көшеке, Алматы облысының бас имамы Мадияр қажы Тағайбайұлы отырған жұртшылықты қасиетті Рамазан айымен құттықтап, діннің қоғамдағы алатын орны туралы өз ойларымен бөлісті.

-Қоғам өмірінде діннің алар орны ерекше,-деді өз сөзінде Ерғали Ақылбекұлы,- Өйткені, дін әдептілік қағидалары мен қоғам бірлігін, тәрбиелік жүйелерді қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды. Дінсіз қоғамда тәртіпсіздік пен қылмыс етек жаятындығы белгілі.

Дін – қоғамның ең қажетті және негізгі тармағы. Өзіміз өмір сүріп отырған ортадан дінді бөліп қарау әсте мүмкін емес. Өйткені, дінсіз, бір Алланың бар екеніне сенімсіз қоғамда адам баласының бойынан қорқыныш сезімі жоғалады. Ал жүрегіңде қорқыныш болмаған адамдар – ең қорқынышты орта, қорқынышты қоғам. Асылы текті бабамыздың «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі де сондықтан. Осы мәтелдің астарында үлкен мән жатыр.

Аудан жұртшылығы ояларында жүрген дінге қатысты сұрақтары мен пікірлерімен бөлісті. Аудан ақсақалдары К.Тәлімұлы, батагөй қария А. Қыпшақов, ақын Б.Көлбаев өз ойларын ортаға салған, келелі жиын болды. Иә, дін - адам тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінде діннің алатын орны зор. Өйткені, дін - имандылықтың, әділдіктің, сыйпайлықтың, парасаттылықтың, көпшіліктің, төзімділіктің кепілі. Діні, тілі жоқ халықтың болашағы жоқ.

Өз тілшімізден.

● МЕРЕКЕ ЖЫРЛАРЫ

ҚЫЗДАР-ӨМІР ШЫРАҒЫ

Мақтанамын қыз болып туғанына, Мән берген біздің қазақ қыз қамына. Аялап әлпештеген аруларды, Жат жұрттық деп дайындап түз қамына.

Ол заңдылық қашан да өзгермейтін, Қыздан ерсі қылықты көз көрмейтін. Тәрбиелік, тектілік көрсетсін деп, Ана тұрса қыздарға сөз бермейтін.

Кісі алдын көлденендеп кеспейтұғын, Ақсақалсып мәселе шешпейтұғын. Сіңіріп өз пікірін жаймен айтып, Ол ешқашан осал боп өспейтұғын.

Қыз балаға ел болып қарайтұғын, Қызды елдің көркі деп санайтұғын., Көркем мінез көрсету-қызға парыз, Ибалы, инабатты қалайтұғын.

Ата- ана аққұсым деп аялаған. Еркем деп жеңге құшақ жаяды алдан. Бөленіп ата- әженің мейіріне, Ағалар соқтыққанды аямаған.

Әпке-жезде ақылшы орны бөлек, Қыз бала өмірінен берген дерек. Жақсы жезде әкедей деген сөзді, Үлгі істермен дәлелдеп солар береді.

Іні-тыныс, сінді оны үлгі ететін, Тату- тәтті бал дәурен бірге өтетін. Берекенің ұйтқысы қыз бала боп, Елі қызды ардақтап төрлететін.

Қызды бүкіл ел болып еркелеткен, Болмайтын тіл алмас қыз бетке кеткен. Ибалы инабатты қазақ қызын, Дәстүрлі ұлттық киім көркем еткен.

Қыз үлгі жан дүниелік тазалықтан, Анадан адалдықтың мәнін ұққан. Жарқырап тұратұғын ол жүрген жері, Әженің тәрбиесін жастай ұққан.

Көркем өмір символы сұлу мүсін, Ол жатқа көрсетпейтін маржан тісін. Жанға ләззат санайтын қыз баланың, Бұлақтай сынғырлаған сыр күлкісін.

Қос бұрым қыз балаға сән беретін, Теңгесін сынғырлағып бірге өретін. Қыз балаға қырық үйден тыйым салып, Өскен сайын қыз бала түрленетін.

Білімді, білікті ісмер болып, Қызға айтқан ақыл оған сыңар болып. Беттен ап, төске шапқан қыз болмайтын, Қыз жолы жіңішке сөзі шідер болып.

Адамдарды бөлмейтін, тең көретін, Дәстүрлі тәрбиені меңгеретін. Әсем, кербез, ор тұлга болып өсіп, Жан мен тән тең сұлуын көз көретін.

Дауысы ел алдында бәсең болған, Жүріс-тұрыс, қылығы әсем болған. Бір елге ақылмен ұйтқы болып, Көш бастайтын қыздар бар көсем болған.

Осы елде бір тамаша қыз бар десіп, Шын сүйген азамат кеп жолды кесіп. Ата -ана, әпке, жеңге ақылшы боп, Өмірлік істі ақылмен жүрген шешіп.

Қызымен бүкіл әулет мақтанатын, Жылатпасын қызды деп сақтанатын. Құтты орнына қондыру парыз болып, Тамаша дәстүрмен қыз аттанатын.

«Балдай бат, судай сін» деп, ақыл айтып, Көрмейтін қыз баласын келген қайтып. Құт қадамды келін боп барған елге, Азамат та кетпейтін серттен тайқып.

Ақ отаудың түтінін тік ұшырып, Ақ келін боп шай құйып, ас пісіріп. Бір қолы әлем, бір қолы бесік тербеп, Кететін дәстүр жалғап елді өсіріп.

Қыз ана өмірінің айнасы еді, Жүгіндірген ақылға айласы еді. Қадіріне қыз бала жетер болсаң, Өрге сүйреп, ұшырап айға сені.

Қыз болып, ана, әже болып. Басына әйел бақыты сонда қонып. Отбасынан басталған отан үшін, Қыз бала кеткен қалқам, дана болып.

Өмір ғой сыйы менен сындары көп, Қу тірлік қыз баласын шыңдады көп. Қыз қырық жанды деген расталып жүр, Сан сынды жеңген қыздың шындары көп.

Қыз балаға баянды бақ тілеймін. Қыз бақыты жат жұртта деп білемін. Жар болып жаратқаным қыз балаға, Қабыл етсін ананың ақ тілеуін.

Ғалым БАҚЫТ,  
ардагер оқытушы.  
Қарасай ауданы.

● ЖЫР ДӘПТЕР

ОҚЫРМАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҒАНИ БЕЙҚҰТБАЙ



АРУЖАН

Айналада гүлге тұнып көктем тұр,  
Күн көзі де елжіреп бір сепкен нұр.  
Жақсы көрем бір өзінді жаныммен,  
Аружандай қарындасым, мөп-мөлдір.

Саған деген көңіліме жыр тұнды,  
Жүрегім де өзің десе бұлқынды.  
Сенің сәби қылығыңа не жетер,  
Қарашығым, қарындасым сүйкімді.

Аружандай қарындасым сүйкімді,  
Тамашалап тұра берем ұйқынды.  
Сүйсінемін балдай тәтті күлкіңе,  
Шаттанады жүрегіміз бір түрлі.

Анашым, арнай берем саған жырды,  
Өзіңмен далам нұрлы, ғалам нұрлы.  
Тірлікте пейіліңе жетер не бар,  
Ұмытам өзің барда қаяу- мұнды.

Жол салдың мынау жарқын өміріме,  
Не жетер мейіріңе, пейіліңе.  
Жылынып оттай ыстық жүрегіңе,  
Шомылам күндей болған көңіліңе.

Қуанышқа толтырар әр күнімді,  
Саған арнап отырмын жанжырымды.  
Жан анашым, тұрасың көз алдымда,  
Бір өзіңнен тағылым алдым ізгі.

Шықсам деймін әрдайым қалауыңнан,  
Саған арнап гүл жиям дала, қырдан.  
Жүрем дәйім жақсылық тілеуменен,  
Қуанышты көрсем деп қабағыңнан.

От боп жанған сезімнің еркі басым,  
Қуанышқа жанымды толтырасың.

АНАМА

Неге екенін білмеймін қайда жүрсем,  
Көз алдымда мөлдіреп сен тұрасың.

Секілдісің гүл толы арай бағым,  
Көрінбесең жолыңа қарайладым.  
Неге екенін білмеймін, қайда жүрсем,  
Жан- жүрегім сағына сені ойладым.

Өзің болсаң толады кеудем гүлге,  
Сен дегенде теңіз боп тербелдім бе?  
Тылсым күшпен жанына тартып алдың,  
Жүрегіме жол тауып сен келдің де.

\*\*\*

Таңмен тұрып жүресің арайланып,  
Ғажап күйге бөленем қарай қалып.  
Сезімімді қалайша жеткізермін,  
Бір өзінді жүрегім қалайды анық.

Таңмен бірге жайнайсың жазғы бактай,  
Күлкің қандай сынғыры бал- бұлақтай.  
Сағынамын көзіме көрінбесең,  
Жүрсен болды қалқам- ау, жан мұңайтпай.

Облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру мәселелері бойынша көпшіліктік тыңдаулар өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы облыстық мәслихаты тұрақты комиссиялардың облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру мәселелері бойынша көпшіліктік тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Көпшіліктік тыңдаулар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес өткізіледі.

Көпшіліктік тыңдауларда «Алматы облысы бас жоспар» ЖШС жарғылық капиталындағы мемлекеттің 49% қатысу үлесін жекешелендіру мәселесі қаралады.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 7 сәуір, сағат 10:00.  
Өтетін орны: Қонаев к., Қонаев көшесі, 5 Б, Alatau Hub (2-қабат).  
Барлық ниет білдіруші азаматтарды ашық пікір алмасуға және талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

Анықтама телефоны: 8 (72772) 20346  
Электрондық пошта: info@almoblmaslihat.gov.kz

СООБЩЕНИЕ о проведении публичных слушаний по вопросам приватизации областного коммунального имущества

Алматинский областной маслихат сообщает о проведении публичных слушаний постоянными комиссиями по вопросам приватизации областного коммунального имущества.

Публичные слушания проводятся в соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе».

На публичных слушаниях будет рассмотрен вопрос приватизации 49% доли участия государства в уставном капитале ТОО «Алматы облысы бас жоспар».

Дата и время проведения: 7 апреля 2026 года, в 10:00 часов.  
Место проведения: г. Қонаев, ул. Қонаева, 5 Б, Alatau Hub (2-этаж).  
Приглашаем всех заинтересованных граждан принять активное участие в открытом обмене мнениями и обсуждении.

Справочный телефон: 8 (72772) 20346  
Электронная почта: info@almoblmaslihat.gov.kz

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

БАЛАЛАРҒА ФАСТФУДТЫҢ ЗИЯНЫ ТУРАЛЫ

Фастфуд (гамбургер, пицца, фри) балалардың өсуі мен денсаулығына өте зиян, себебі ол витаминдерден жұрдай, бірақ калориясы, майы, қанты және тұзы тым жоғары. Бұл тағамдар семіздікке, асқазан ауруларына, қант диабетіне, тіс қарисіне және иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Фастфудты жиі жеу баланың психикалық дамуына, зейініне және депрессияға бейімділігіне теріс әсер етеді.

Фастфудтың балаларға тигізетін негізгі зияндары: Семіздік және зат алмасудың бұзылуы: калориясы жоғары тағамдар артық салмаққа, содан кейін 2-типті қант диабеті мен гипертонияға әкеледі.

Ас қорыту жүйесінің бұзылуы: өнімдердегі дәм күшейткіштер мен консерванттар асқазан мен бүйрекке салмақ түсіріп, гастрит тудырады. Мидың жұмысына кері әсері: құрамында омега-3 және омега-6 май қышқылының болмауы мидың дамуын тежеп, баланың ашушаңдығын немесе тынышсыздығын арттырады.

Иммунитеттің төмендеуі: дұрыс тамақтанбау баланың инфекцияларға қарсы тұру қабілетін әлсіретеді. Тіс мәселелері: қант пен көмірсулардың көптігі тіс эмальын бұзып, қариске әкеледі.

Бұл өнімдерді өндірушілер ешкім ұланбауы және ауруханаға түспеуі үшін тағамның сапасы мен балғындығына ғана жауап береді. Бірнеше жылдан кейін пайда болуы мүмкін зияны әр тұтынушыны, ең алдымен ата-аналарды алаңдатуы керек. Бұл шынымен де біздің таңдауымыз: «Фаст-фудты өзіміз қанша және қашан тұтынамыз және оны балаларға береміз бе?» Тамақтанудың мақсаты біздің ағзамыздың өміріне қажетті пайдалы заттармен қамтамасыз ету екенін есте ұстау қажет.

Ата-ана үлгісі маңызды! Баланың тамақтану әдеті отбасынан басталады. Денсаулықты бүгіннен сақтайық! Дені сау бала – бақытты болашақ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘДЕБІ

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі (бұдан әрі – қызметтік әдеп) – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне сәйкес қызметтік әдеп стандарттарында белгіленген мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық қағидалары.

Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

- 1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
- 2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;
- 3) заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қайшылығын болдырмау;
- 4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;
- 5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға келергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді қудаламау;

10) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну.

Қызметтік әдеп стандарттарын сақтау мемлекеттік қызметшінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл, шын мәнінде, оның өмір салты, ол жоғары моральдық принциптерге сәйкес келуге бағытталуы керек.

Н. МЕДЕТОВ,  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»